


СЕМИОСФЕРА

Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

2-тарау. Ойшыл әлемдер арасында





Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 13. Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

Кез келген мәтінде тура мағынасында шектері болады. Бірақ олардың барлығында бірдей модельдеуші ықпал бола бермейді. Басталуға бағдарланып, дәл соған ерекше семиотикалық мән беретін және оған керісінше, аяқталуға бағдарланған мәдениеттер мен мәтіндерді бөліп көрсетуге болады. Ойға бірден келетіні – басталу туралы мифтер мен эсхатологиялық мифтер. Алайда бұл бағдарлардың маңызы айтарлықтай зор. Әлемдік тәртіптің негізінде жатқан «алғашқы» оқиғалар естеліктердің бұлдыр болмысына жатпайды – олар мәңгілік өзінің ақиқатында өмір сүреді. Мұндай тұрпаттағы әр жаңа оқиға өзінің «түп» бейнесінен бөлек дүние емес, ол – осы мәңгілік «байырғы» оқиғаның жаңаруы мен өсуі ғана. Ағасының інісін өлтіруінің әрбір жағдайы қандай да бір жаңа және жеке әрекет емес, бар болғаны Қабылдың мәңгілік күнәсінің жаңаруы болып табылады. Сананың мұндай типі назарымызды соңына – нәтижеге емес, басына – қайнар көзге аударады.

Кітап бетінде уақыттан тыс болмысы бар мәтіннің оқу процесінде оқылып болған, оқылып жатқан немесе алдағы уақытта оқылатын мәтін ретінде іске асырылатыны сияқты, дүниежүзілік тарихтың мәтіні ортағасырлық сана үшін өзінің уақыттан тыс терең болмысынан көрініс табады және оны іске асыратын адамдардың әрекеттерінде ғана жаңарып, уақыт бойынша реттілікке ие болады. Бұл метафора орта ғасырлардың тарихи-философиялық ойына терең әсерін тигізді. Бұл ретте оқу ұғымының өзі басқаша болғанын ескере кету керек: ол белгілі бір мәтіндерге қайтадан және ұдайы қайтып оралуды ғана емес, сондай-ақ осы қайтып оралулардың реттілігін де тұспалдады. Осы сияқты адамның әрекеттері де бұрынғылардың әрекеттерін қайталау, дұрысы, олардың терең түп бейнелерін қайтадан іске асыру ретінде қабылдануы мүмкін. Сөйтіп, мұндай түсінікте белсенді екі тарап бар:

Бір жағынан, күнәнің бастаушысы әрекет етеді. Дәл осы бастаушы әлемнің тұрақты конструктивтік белгілерін жасап отырады. Бұл «байырғы» конструкциялар бір рет қана жасалса да, адамдардың тарихына кірмей, болмыстың анағұрлым терең қабаттарынан жайғасып, уақыттан тыс өмір сүреді.

Екінші жағынан, «жаңартушы», мейлі жақсы болсын, жаман болсын, әйтеуір өзінің әрекеттерімен бастаушының ескі ісінің шаңын сүртіп, қайта жылтыратып қояды дегуге болады.

Мұндай «жаңартушының» рөлі айтарлықтай зор. Оған қатарлас жақсы, жаман бірінші істердің рөлін қандай да бір жолмен бәсеңдететін адам типі болуы мүмкін. Ортағасырлық әңгімешіні бірінші кезекте қызықтыратыны осы істер мен әрекеттер туралы әңгімелер болып тұр, ал «алғашқы істер туралы» әңгіме миф-эпостық кезеңге тән. Бірақ та бұл ретте пайда болатын әңгімелеу мәтіндері тарихи әңгімелерден әрекеттің нәтижесіне емес, бастамасына назар аударатынымен өзгешеленеді.

Уақыттық және себеп-салдарлық реттілікке бағынатын тарихи әңгімелеу және онымен байланысты романдық мәтіннің құрылымы мәтіннің соңына бағдарланған. Әңгіменің негізгі құрылымдық мағынасы дәл осы соңында шоғырланады. «Немен аяқталды?» деген сұрақ біздің тарихи оқиға мен романдық мәтінді қалай қабылдайтынымызды сипаттайды. Бірдеңені жасау актісі мен аты аңызға айналған бастаушылар туралы әңгімелейтін мифологиялық мәтіндер бастамаға бағдарланған. Бұл олар үшін ең бастысы «Неден басталды?» деген сұрақтың болуынан ғана емес, сондай-ақ мәтіннің соңының рөлі анық бағынышты болып, басының ерекше белгіленгендігінен көрініс табады. Алайда басқа бір аспект: нарративті модельдердің тарихшы ғалымның санасына ықпалы одан да зор маңызға ие. Тарихшының кезеңдерге бөлуді құрастыруға деген талпынысы нақты континуалдық материалды ғылымның дискретті метатілімен баяндау қажеттілігімен байланысты. Бұл жағдайда тарихшының кез келген ғалымнан әзірге еш айырмашылығы жоқ. Тарихшының өз классификациясын мәтіннен тыс материалдың ішкі қасиеті ретінде қарастыра бастап, «бастама» мен «аяқтаманы» эсхатологиялық сезінуді сипаттаушының саласынан сипатталушының саласына ауыстыруы ерекше жайт. Мәдениеттердің дәл осы абсолюттілігі мен бөлінуі оларға жастық шақ, кемеліне келген шақ және артынан өлім хақ кәрілік шақ ұғымдарын көшіре отырып, сол мәдениеттердің әрқайсысын жеке ағза ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай бөлудің абсолюттілігі мәдениеттің барлық аспектілерінің бір мезетте дүниеге келіп, дүниеден өтіп, сәйкесінше, бірыңғай орталықтан жандануын талап етеді. Мәдениеттің жаны ғана осындай орталық бола алады. Бұл жерде де гегельдік дәстүр сезіледі.



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 13. Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

Мифологиялық нарративті модельдердің ықпалына «тарихтың басын», өркениеттің басын іздеуді де және де осыған байланысты, «тарихқа дейінгі өркениет» деген тосын терминнің пайда болуын да жатқызған жөн. Соңғы он жылдықтарда археология адамзаттың мәдени дамуының ежелгі кезеңі туралы біліміміздің төменгі шекарасын едәуір де ығыстыратын бірқатар жаңалықтарды ашты. Ұзын жолдың басы боп көрінген дүние енді аяғы болып шықты, қарадүрсін боп көрінген дүние енді тереңдігі мен күрделілігін танытты. Қазіргі археология деректерінің аясында абсолютті бастама жайлы сөз қозғау қисынсыз. Ал егер де бізде қазір дамыған өркениет болса, онда бұған дейін де дамыған өркениет болды деп сеніммен айтуға болады деп бір кездері айтылған ой енді оғаш боп көрінбейді. Мұнда автокатализ реакциясымен салыстыру ойға келеді, ол бойынша реакцияның басында оның ақырғы нәтижесіндегі заттың қандай да бір мөлшерінің қатысуы заттың түзілу процесінің өзін тездетіп жібереді. Мәдениетпен көршілес болу мәдениет тудырудың қарқындылығын тудырады. Алайда мәдениеттің пайда болу шекараларын ығыстыра отырып немесе, дұрысы, бұл мәселені, бір жағынан, ол мифологияға жетелейтіндіктен, екінші жағынан, оны ғылыми тұрғыда алға тарту үшін бізде жеткілікті деректер жоқ болғандықтан алып тастап, бізге белгілі мәдениет формалары бірден-бір мүмкін болатын формалар емес екенін көкейімізге қондыру керекпіз. Сондай-ақ, жазу-сызудан тыс дамыған, сол себепті де біз үшін жоғалып кеткен қуатты өркениеттер болған деп топшылай аламыз ба?

Мәдениеттер мен өркениеттердің тарихы мен типологиясы туралы ойға шомған жан үшін «Бұлай болған жоқ, демек, бұлай болуы мүмкін емес» немесе шамалы түрлендірсек, «Бұл маған мәлім емес, демек, бұл мүмкін емес» деп есептеу – кең таралған қате түсініктің бірі. Іс жүзінде бұл адамзаттың жалпы жазылмаған және жазылған тарихымен салыстырғанда мардымсыз және де жақсы сақталып қалған жазбаша дереккөздер бойынша зерделеуге болатын хронологиялық қабат тарихи процестің нормасы деп, ал сол кезеңнің мәдениеті адамзат мәдениетінің стандарты деп қабылданады дегенді білдіреді. Бір мысалға тоқтала кетейік. Еуропа ғылымына белгілі бүкіл мәдениет жазу-сызуға негізделген. Жазусыз дамыған мәдениетті, жалпы жазусыз дамыған кез келген өркениетті көз алдымызға елестету мүмкін емес дүние. Жақын арада көрнекті екі математик жазу-сызудың жаһандық дамуы қағазды ойлап табудың арқасында ғана мүмкін болды, өйткені мәдениет тарихының «қағазға дейінгі» кезеңі кейіннен бүтіндей бұрмаланып кеткен ғой деп өз ойын білдірген еді. Осы бір тосын пікірге қарсы келіп, наразылық білдірудің еш мәні жоқ, бірақ бұл пікірге зерттелмеген салаларға жарық түсірудің жарқын мысалы ретінде назар салған абзал. Үйреншікті дүние бірден-бір мүмкін дүние деп жарияланды. Дамыған өркениеттің, таптық қоғамның, еңбек бөлінісінің және оған байланысты қоғамдық жұмыстар, құрылыс, суландыру жүйесі және т.б. техникасының жоғары деңгейі болуының жазу-сызудың болуымен байланысы орынды болып көрінетіні соншалық, тіпті балама мүмкіндіктер ойланбастан жоққа шығарылады. Бізге берілген ауқымды материалға сүйене отырып, егер оңтүстік америкалық инктерге дейінгі өркениеттердің жұмбақ феномені болмағанда, бұл байланысты мәдениеттің әмбебап заңы деп тануға болар еді.

Археологияның жинақтаған айғақтары асылында таңғаларлық көріністі бейнелейді. Алды-мызда – қуатты құрылыстар мен суландыру жүйелерін салған, қалалар мен ірі-ірі тас пұттар тұрғызған, дамыған қолөнері: қыш-құмыра, тоқыма, металлургиялық қолөнері болған, бұдан басқа, символдардың күрделі жүйесін жасаған және жазу-сызудың болғанынан еш із қалдырмаған, бір-бірін алмастырған бірқатар өркениеттердің мың жылдық көрінісі. Бұл факт әлі күнге дейін түсініксіз тосын пікір болып қала береді. Жазу-сызуды басқыншы келімсектер – әуелі инктер, артынан испандықтар көзін құртты деген кей кездері алға шығып тұратын болжам көңілге аса қонбайды. Себебі, тас ескерткіштер, құлпытастар, талан-таражға салынбай, бүлінбеген күйде сақталып қалған қабірлер, қыш құмыралар және басқа да керек-жарақ заттар, егер жазу-сызу болған болса, оның қандай да бір белгілерін жеткізер еді ғой. Тарихи тәжірибе мұндай ауқымда із-түзсіз жоюға ешбір басқыншының күші жетпейтінін көрсетіп отыр. Сөйтіп, жазу-сызу болған жоқ деп болжауға тура келеді. «Осылай болуы мүмкін» деп алдын ала тон пішпейміз, бар болғаны егер шынымен де осындай өркениет бар болғанда, ол қандай болатынын суреттеуге тырысып көрмекпіз.

Жазу-сызу – жад формасы. Дара сананың өзінің жад тетіктері болатыны тәрізді, ұжымдық сана да бүкіл ұжым үшін бірдеңелерді тіркеу қажеттілігін аңғару арқылы ұжымдық жад тетіктерін жасайды. Міне, мұндай тетіктерге жазу-сызуды жатқызған жөн. Алайда жазу-сызу



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 13. Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

ұжымдық есте сақтаудың алғашқы және, ең бастысы, бірден-бір мүмкін формасы болып табыла ма? Бұл сұрақтың жауабын жад формалары есте сақталуы тиіс деп саналатын нәрседен туындайды, ал есте сақтау сол өркениеттің құрылымы мен бағдарына байланысты болады деген түсінікке сүйене отырып, іздеген абзал. Жад дегенде санамызға сіңіп қалған көзқарас бойынша ерекше оқиғалар, яғни дара немесе алғаш рет болған, немесе болмауы тиіс, не болмаса жүзеге асу ықтималдығы төмен болып көрінген оқиғалар есте сақталуға тиіс. Дәл осындай оқиғалар хроникалар мен жылнамалардың, газеттердің беттерінен орын алады. Эксцестер мен уақиғаларды сақтауға бағдарланған мұндай тұрпаттағы жад үшін жазу-сызу қажет. Мұндай мәдениет мәтіндердің санын ұдайы көбейтіп отырады: құқық прецеденттерге толады, заң актілері жекелеген жайттарды – сату, мұрагерлік, жанжалдарды шешу дегендерді тіркейді, оған қоса сот әр жолы жекелеген жайтпен жұмыс істейді. Көркем әдебиет те осы заңға бағынады. «Жайттар» мен «уақиғаларды» тіркеп отыратын жеке хаттар мен мемориалдық-күнделіктік әдебиет пайда болады.

Жазба сана әрекеттердің себеп-салдарлық байланысы мен нәтижесіне назар аударады: егін егудің қай уақытта басталғаны емес, сол жылы жиналған астықтың қандай болғаны тіркеледі. Уақытқа және, салдар ретінде, тарих туралы түсініктердің пайда болуына жіті назар аудару да осымен байланысты. Тарих – жазу-сызудың пайда болуының жанама нәтижелерінің бірі деуге болады. Бірақ жадтың басқа бір типінің мүмкіндігін елестетіп көрейік – тәртіп бұзушылық туралы емес, тәртіп туралы, заңнан ауытқушылық туралы емес, заң туралы мәліметтерді сақтау талпынысы. Мәселен, спорт жарысын көрген кезде, кімнің жеңіске жеткенін және бұл жарыста қандай күтпеген жағдайлар болғанын маңызды деп санамаймыз, негізінде бар күшіміз бен зейінімізді басқа нәрсеге – жарыстың қалай және қашан болғаны жайлы мәліметтерді ұрпақтар үшін сақтауға саламыз деп елестетіп көрейік. Мұнда жылнама немесе газеттегі есеп емес, күнтізбе, осы тәртіпті тіркейтін әдет-ғұрып және мұның барлығын ұжымдық жадта сақтауға мүмкіндік беретін салт-жора алға шығады.

Мәтіндердің санын көбейтуге емес, мәтіндерді қайта жаңғыртуға бағдарланған мәдениет ұжымдық жадтың басқа құрылысын талап етеді. Жазу-сызу бұл жерде қажетті болып табылмайды. Оның рөлін мнемоникалық символдар, атап айтқанда, табиғи және адам жасаған символдар: пұттар, қорғандар, сәулет құрылыстары, сондай-ақ осы шатқалдар мен ғибадатханаларды қамтитын салт-жоралар атқаратын болады. Салт-жорамен байланыс және жалпы осындай мәдениеттерге тән жадты жандандыру еуропалық дәстүрдің тәрбиесімен сусындаған бақылаушыларды осы шатқалдарды діни ғұрыптың басталған жерлерімен теңестіруге мәжбүр етеді. Мұндағы шынымен де бар болып тұрған салттық функцияға назар аударған бақылаушы мнемоникалық символ – әдет-ғұрып кешенінің реттеуші және басқарушы функциясын елемеуге бейім. Ал осы кешенмен байланысты әрекеттер ұжым үшін сол жағдайға сәйкес келетін қылықтар, түсініктер мен эмоциялар туралы жадында сақтап қалады. Сондықтан, салт-жораларды білмесек, күнтізбелік және өзге де таңбалардың қисапсыз санын ескермесек, сақталған құрылыстардың функциясы туралы пікір айта алмаймыз. Бұл ретте егер жазба мәдениет өткенге бағдарланса, онда ауызша мәдениет болашаққа бағдарланғанын қаперде ұстау қажет. Сондықтан бұл мәдениетте болжам, жорамал, сәуегейлік дегендер елеулі рөл ойнайды. Шатқалдар мен ғибадатханалар – заңдар мен әдет-ғұрыптар туралы жадында сақтап қалған салт-жоралар жасалатын орын ғана емес, сондай-ақ болжамдар мен жорамалдар да жасалатын орын. Бұл тұрғыда құрбандық шалу футурологиялық эксперимент болып табылады, өйткені ол қашанда Құдайға таңдауды жүзеге асыруға көмек сұрап жүгінумен байланысты.

Адамдардың барлық әрекеттері салт-жорамен және әдет-ғұрыппен күні бұрын белгіленіп қойылғандықтан, мұндай тұрпаттағы өркениет «қақпараттық аштық» жағдайында өмір сүреді деп ойлаған қате болар еді. Мұндай қоғамның өмір сүруі жай ғана мүмкін болмас еді. «Жазусыз ұжымның» мүшелерінің алдында сағаттап таңдау жасау қажеттілігі тұрды, бірақ олар бұл таңдауды тарихқа, себеп-салдарлық байланыстарға немесе күтілетін нәтижеге сүйенбестен, көптеген жазусыз халықтар сияқты, сәуегейлерге яки сиқыршыларға жүгіну арқылы жасады. Шын мәнінде, дәрігерден, адвокаттан, үлкендерден «кеңес сұрау» қажеттілігі сол дәстүрдің сарқыншағы болып табылады.



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 13. Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

Жазусыз мәдениет өзінің жоралғыларға, жорамалдарға және оракулдарға бағдарлануы арқылы мінез-құлық таңдауын тұлғадан тыс салаға көшіреді. Сондықтан нышандарды түсініп, дұрыс түсіндіре алатын, оларды жүзеге асыруда жалтақтау дегенді білмейтін, ашық түрде әрекет етіп, өзінің пиғылын жасырмайтын адам мінсіз адам болып есептеледі. Бұған керісінше, адамның өз мінез-құлқының стратегиясын өзі таңдау қабілетіне бағдарланған мәдениет әр оқиға «алғаш рет болып тұрған оқиға» ретінде қаралатындықтан, ақылдылықты, зеректікті, мұқияттылық пен тұйықтықты талап етеді.

Ауызша жад әлемі символдарға бай. Жазу-сызудың пайда болуы мәдениеттің семиотикалық құрылымын қиындатқан жоқ, керісінше, оңайлатты деген пікір тосын болып көрінуі мүмкін. Алайда материалдық заттар ұсынған мнемоникалық-салттық символдар сөздік мәтінге емес, салт-жораның мәтініне жатады. Бұдан басқа, осы мәтінге қатысты әлгі символдар белгілі бостандығын сақтап қалады: олардың материалдық өмір сүруі әдет-ғұрыптан тыс та жалғаса береді, әртүрлі және көптеген әдет-ғұрыптарға қосу оларға кең мағына дарытады. Олардың өмір сүруінің өзі олардың аясын жауып тұрған ауызша әңгімелердің, аңыздар мен жырлардың бар екенін тұспалдайды. Бұл осы символдардың әртүрлі мәнмәтіндермен синтаксистік байланыстарының «босаңсуына» әкеп соғады. Сөздік мәтін синтаксистік байланыстардың негізінде құрылады. Ауызша мәдениет бұл байланыстарды әбден әлсіретіп жібереді. Сондықтан ол жазу-сызудың шекарасында тұрған төменгі қатардағы символдық таңбалардың көп санын, атап айтқанда, бойтұмарлар, иелік таңбалар, санақ заттары, мнемоникалық «жазу» таңбалары дегендерді қамтуы мүмкін, бірақ олардың синтаксистік-грамматикалық тізбектердегі жиынын тым қысқартып жібереді. Мұндай тұрпаттағы мәдениет үшін айтарлықтай күрделі арифметикалық операциялардың шегінде санауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заттар қарсы көрсетімге ие емес. Мұндай мәдениеттің шеңберінде салт-жораларда пайдаланылатын және шеңбер, айқыш, параллель сызықтар, үшбұрыш сияқты және тағы да басқа қарапайым геометриялық фигураларды, сондай-ақ негізгі түстерді пайдаланатын магиялық таңбалар қарқынды дамуы мүмкін. Бұл таңбаларды иероглифтермен және әріптермен араластырмаған абзал, себебі әріптер белгілі бір семантикаға талпынады және таңбалар тізбегін жасай отырып, синтагматикалық қатарда ғана мағынаға ие болады. Ал иероглифтер анық емес, көбінесе іштей қарама-қайшы мәнге ие. Сондай-ақ олар өздері мнемоникалық таңбасы болып табылатын салт-жора мен ауызша мәтіндерге қатысты мағынаға ие болады. Олардың өзге табиғатының сыры фраза мен ою-өрнекті салыстырған кезде ашылады. Ою-өрнектердің дамуы және мүсін мен сәулет ескерткіштеріндегі жазбалардың болмауы тең межеде ауызша мәдениетке тән белгілер болып табылады. Иероглиф, жазылған сөз немесе әріп және пұт, қорған, шатқал – белгілі бір тұрғыда қарама-қайшы және бірін-бірі жоққа шығаратын құбылыстар. Біріншілері мағынаны білдіреді, екіншілері ол туралы еске салады. Біріншілері мәтін немесе мәтіннің, оның ішінде біртекті-семиотикалық табиғаты бар мәтіннің бір бөлігі болып табылады. Екіншілері салт-жораның синкреттік мәтініне жатады немесе мнемоникалық тұрғыда сол орын мен уақытқа сай келетін ауызша мәтіндермен байланысады.

Жазусыз мәдениеттің ландшафтқа қатынасы басқаша. Қандай да бір шатқал, ғибадатхана, пұт салт-жора, құрбандық шалу, жорамалдар, әндер немесе билер арқылы мәдени тұрмысқа «жатқызылып», бұл әрекеттердің барлығы белгілі бір уақытқа сай болатындықтан, осы шатқалдар, ғибадатханалар, пұттар жұлдыздардың немесе күннің, айдың белгілі бір қалпымен, айналсоқпа желмен немесе жаңбырмен, өзендегі судың ауық-ауық көтерілуімен және т.б. байланысты. Табиғи құбылыстар таңбаларды еске салады немесе болжайды деп есептеледі. Жоғарыда келтірілген мысалдар біз үшін үйреншікті көріністі суреттейді: жазусыз және жазба мәдениеттер бірін-бірі алмастыратын екі: жоғарғы және төменгі саты ретінде көрініс табады. Алайда бізге таныс еуразиялық кеңістікте тарихи қозғалыс дәл осы жол бойынша жүрді деген фактіден ол тек сол жолмен жүруі мүмкін деген тұжырым жасауға бола ма? Колумбқа дейінгі Америкада жазусыз мәдениеттердің мың жылдық өмір сүруі мұндай өркениеттің тұрақтылығының бұлтартпас дәлелі бола алады, ал бұл өркениеттің жеткен жоғарғы мәдени көрсеткіштері оның мәдени мүмкіндіктерін айқын көрсетеді. Жазу-сызу қажетті болу үшін тарихи жағдайлардың тұрақсыздығы, мән-жайлардың қарқындылығы мен болжамсыздығы, жатәтникалық ортада жиі және ұзақ қарым-қатынас кезінде туындайтын әртүрлі семиотикалық тәржімаларға деген қажеттілік талап етіледі. Бұл тұрғыда, бір жағынан, Балқан түбегі мен



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 13. Мәтін мәдениет континуумындағы мағына таңбасы ретінде

Солтүстік Африка, Таяу Шығыс пен Орта Шығыс, Қара теңіз бен Жерорта теңізі, екінші жағынан, Перу үстірті, Анд тауларындағы аңғарлар және перулік жағалаудағы тар алқаптар арасындағы кеңістік қарама-қайшы тарихи алаптар болып есептеледі. Бірінші жағдайда – этностардың ұдайы араласу, үздіксіз көшу, әртүрлі мәдени-семиотикалық құрылымдардың соқтығысу ортасы, екінші жағдайда – ғасырлар бойы оқшаулану, сыртқы мәдениеттермен сауда-әскери байланыстардың тым шектелуі, мәдени дәстүрдің үздіксіздігі үшін мінсіз жағдайлар. Бірінші жағдайда жазба өркениеттің, ал екінші жағдайда жазусыз өркениеттің жеңісі табиғи жайт.

Ең көне әлеуметтік-мәдени модельдерді талдай келе, мәдениет тарихында әрі қарайғы өзгерістерінің аясында ерекше қызығушылық тудыратын екі модельді бөліп көрсете аламыз. Олардың бірін магиялық, екіншісін діни модель деп атаймыз. Нақты бір мәдениеттер туралы емес, типологиялық қағидаттар туралы сөз етіліп тұрғанын бірден атап өтеміз. Мәдениет тарихында анықталған діндердің көбінесе екі элементтен де құралуы қиын. Кейбір дүниежүзілік діндерде, біздің терминологиямыз бойынша, магия басым. Магиялық жүйе мыналар арқылы сипатталады:

Өзаралық. Бұл осы қатынастарға қатысатын екі агент те әрекет етуші болып табылады дегенді білдіреді. Магия жүйесінде біржақты әрекеттер болмайды, себебі егер сиқыршы өз білместігінің салдарынан сиқырлы күшті шақырып, оны әрекет етуге мәжбүрлеуге дәрменсіз қате әрекеттерді жасап қойса, онда мұндай сөздер мен ымдар магия жүйесінде әрекеттер деп танылмайды.

Мәжбүрлілік. Бұл бір тараптың белгілі бір әрекеттері басқа тараптың міндетті және нақты көзделген әрекеттеріне әкеп соғады дегенді білдіреді. Магиялық қатынастарда сиқыршы тылсым күшті келіп, күші аз болса да, өзіне бой берместен әрекет етуге мәжбүр ететінін дәлелдейтін көптеген мәтіндер тіркелген. Бір тараптың әрекеттерін жасауы басқа тараптың белгілі бір қарсы әрекеттерін талап етеді. Бұл жағдайда билік тепе-тең бөлінеді деуге болады: тылсым күштер сиқыршыға, ал сиқыршы тылсым күштерге билік жүргізеді.

Эквиваленттілік. Магия жүйесінде екі тараптың арақатынастары эквивалентті алмасу сипатына ие және оларды шартты таңбалармен алмасуға ұқсатуға болады.

Келісімділік. Өзара әрекет етуші тараптар белгілі бір келісімге келеді. Бұл келісім іс жүзінде немесе ой жүзінде болуы мүмкін. Алайда келісім болған жерде оны бұзу да болады. Бұл алдау мен жалған ақпарат беруден туындайтын дүние. Осыдан барып келісімді әртүрлі түсіндіру мүмкіндігі және әр тараптың келісімге өзіне ұтымды мазмұнды енгізу талпынысы пайда болады.

Діни актінің негізінде билікпен алмасу емес, өзін билікке сөзсіз сеніп тапсыру жатыр. Бір тарап осы актінің қандай да бір жағдайлармен жанамаламастан өзін екінші тарапқа тапсырады. Бұл ретте алушы тарап жоғарғы күштің иесі болып танылады. Мұндай тұрпаттағы қатынастар мыналар арқылы сипатталады:

Біржақтылық. Олар бір бағытты сипатқа ие: өзін билікке сеніп тапсырушы субъект екінші тарап қамқорлық көрсетеді деп сенім артады, бірақ оның акциялары мен қарсы әрекетінің арасында міндетті байланыс жоқ. Марапаттың болмауы қатынастарды үзуге негіз бола алмайды.

Осы айтылғаннан қатынастарда мәжбүрлеу деген дүниенің жоқ екені белгілі болады: бір тарап қолындағының бәрін тапсырады, ал екінші тарап бәрін беруі де, бермеуі де мүмкін, сол сияқты ол лайықтыдан бас тартып, лайықсызға беруі де мүмкін.

Қатынастар эквиваленттілік сипатта емес: олар алмасу психологиясын жоққа шығарады және негізгі құндылықтардың шартты сипаты туралы ойға жол бермейді. Сондықтан бұл жағдайда коммуникация құралдары таңбалар емес, табиғаты бейнелеуді мазмұннан бөліп тастау, сәйкесінше, алдау немесе түсіндіру мүмкіндігін мансұқтайтын символдар болады. Демек, мұндай типтегі қатынастар келісім емес, сөзсіз сыйлық сипатына ие.